

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Бейбарыс ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 25 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 шілдеде № 3566 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Махамбет аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 08/105 ұсынысы негізінде Бейбарыс ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейбарыс ауылдық округі аумағында пастереллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Атырау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Махамбет аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешіммен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

С. Сатымқызы

МАОМ \_\_\_\_\_ МАТҚҚБ \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері:

Е. Сабиров

2016 жылғы "11" шілде

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау комитетінің Атырау облысы  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
департаментінің Махамбет аудандық  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
басқармасы" республикалық  
мемлекетік мекемесінің басшысы:

*Л. Мамаева*

*2016 жылғы "11" шілде*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК